

БЕКТЕМІН: *Салтанат*
 Мектеб мектерушісі Шалтасева Ж.С

ТӘРБИЕЛЕУ-БЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСТИҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі «Миңда бағытташтыру мектебі», «Шұғыла» шағын орталығы

Топ. орталығы

Балалардың жасы: 3 жастаң

Жостардың күрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.

Анти күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жума
Күн тартібі					
Балаларды кабылдау	Тәнгі сузгі: балалардың терісін, деңе қытуын, сыртқы келбеттің тексеру. Балаларды жаксы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, онын жеке пікірін, қызыгуышылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Атв-аналармен немесе баланың басқа зиянды екілдерімен көпес, әнгімелесу	Атв-аналармен "Баланың когаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әнгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қаралу және	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Топ болмесінде және жатын белмеде терезенің ернек тақтайның дымылғыл шүберекпен сұрту.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Жабық всімдіктердің бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Ойыншылтардың тәртіпте үстәу: жуу, кептіру, сұрту және орнына кою.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Топ болмесінде және жатын белмеде терезенің ернек тақтайның дымылғыл шүберекпен сұрту.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Күтүшіге тессектердің салтуға комектесу.
	"Скағандар килеміз"	Құрастырудан	Коршаган ортамен	«Ұшактар» саусақ	Үстел үсті ойыны.

басқалар)	<p>саусақ жаттығуы. (педагог сөздерін өзі айтып, кимылдарын балалармен бірге жасайды).</p> <p>Арманшыл баламыз, (бас бармактар жоғары)</p> <p>Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бұту)</p> <p>Бір аяқты өткізіп, (кол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)</p> <p>Екіншіні саламыз. (кол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады)</p> <p>Қолды женге өткізіп, (бір қолды бұгулі калыптан ашып, созу)</p> <p>Қолды женге өткізіп, (екінші қолды бұгулі</p>	<p>ойын-жаттығу "Зымыран". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру.</p>	<p>тәнисудан ойын-жаттығу "Ұшак ойыншығымен танысу". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұшактың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік корын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сактауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшак бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>жаттығуы Қане, канат жазайық, Ұшак бол ұшайық. Ұшып - ұшып алайық, Орнымызга конайық. (сойлеуді дамыту және көркем адебиет)</p> <p>Kім жылдам?</p> <p>Жаңылтпаштан жаңылма:</p> <p>Көк аспанда жүлдyz бар, Мелдір суда құндyz бар.</p> <p>Жүлдyz түнде жылтырар, Құндyz түнде жылтырар.</p>	<p>«Есіне сакта». Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар кай суретті алып тастаганын айтады. Педагог балалардың қаншалыкты естеріне сактағандарын байқайды.</p>
-----------	--	--	--	---	---

	<p>(жолынан калып, сөтү)</p> <p>Сылдырмаша жүргізіп, (бір жолдын сұрасындарын жинақтал, дене ортасы бойымен төмениен жогарыға жүргізу)</p> <p>Кисміз скафандрды. (екі колды жоғары көтеріп, бас тобесіне жауып салу, екі бетті екі алаканмен тіреп, баспен шайқау)</p> <p> Алакай! Алакай! Гарышкерміз, балакай! Алакай! Алакай! Гарышкерміз, балакай! (карым-катынас іс- әрекеті)</p>			
Ертеңгілік жаттыгу	<p>Жалны дамыту жаттыгулары (сылдырмактармен).</p> <p>1. Бастапқы калып - аяқ алшак, дене тік, кол төмендे.</p> <p>1.1. Балалар сылдырмактарын жоғары көтеріп, екі колмен сылдырлатады.</p>			

	<p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталаңады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, кол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмактарды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмактарды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталаңады).</p> <p>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмак ұстаган қолдар екі жақта.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмак ұстаган қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, кол төменде.</p> <p>4.1. Сылдырмактарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шенбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жагымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру,</p>	<p>«Дос болайық бәріміз» Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрган баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді енсереді: - орындыққа көтерілу</p>	<p>Шаттық шенбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жагымды көніл-күй мен оку қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>"Алтын микрофон" арқылы такырыпқа байланысты сұхбат жүргізу. (сойлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>«Сиқырлы дүрбі» Ойынның мақсат- міндеттер: топтың әр мүшесінің жақсы жактарын көре білу кабілетін калыптастыру. Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні» көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараган кездे тек оның жақсы жактары гана</p>

	<p>Ұжымда достықка тәрбиелеу.</p> <p>Кел, балалар, күлейік,</p> <p>Күлкіменен түлейік!</p> <p>Кабак түйген не керек,</p> <p>Көнілді боп жүрейік!</p> <p>Кел, балалар, күлейік!</p> <p>Күлкіменен түлейік!</p> <p>Күлкі көңіл ашады,</p> <p>Күліп өмір сүрейік!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>және тұсу; - үстелдің астынан ету;</p> <p>- «көллі» айналып ету»;</p> <p>- «ну орман» арқылы ету»;</p> <p>- «жабайы жануарлардан» жасырыну.</p> <p>Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып коймауы керек.</p>	<p>Жарық болсын күніміз,</p> <p>Жаркын болсын үніміз.</p> <p>Елін сүйіп ер жетер,</p> <p>Біз болашак гүліміз.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>корінетінің түсіндіреді. Алдымен тәрбиепі лұрбімен карап, топтагы бір баланың жағымды касиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына карайды да, онын жаксы жақтарын көріп тұрганын және ол кандай касиеттер (мейірімді, әдепті, камкор және т.б.) екенін айтады.</p>	
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Гарыш деген ғажайып".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларда екі аякпен тура секіру</p> <p>дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере</p> <p>отырып жүру</p>	<p>Дене шынықтыру "Гажайып гарыш".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың сап түзел бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап,</p> <p>багытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру;</p>	<p>Музыка "Тұған ел".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларды әнді тындау кезінде оның сөздін магынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан ағына дейін мұкият</p>	<p>Дене шынықтыру "Айтшы, гарыш алыс па?"</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларды тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; жылдам (10-20 метр) каркында жүгіру дағдысын</p>	<p>Қазақ тілі «Гарышкер деген кім?»</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Қазақ тілінде гарыш, жұлдыздар, гарышкерлер, Құн жүйесі планеталарының атаулары туралы</p>

	дағдыларын дамыту; кимылды ойын арқылы допты екі колмен домалату дағдыларын жетілдіру.	жіптең екі аяқпен секіруге үйрету.	тыңдай білуге үйрету; жогары және томенгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музикалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуга үйрету; ыргакты қимылдарды музикамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяктай білуге үйрету; музикалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; кол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.	дамыту; дөганын астымен өрмелеву(енбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі кимылдарды орындауга ынталандыру.	алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардын гарышкер мамандығы туралы білімдерін көнектізу; Казакстанның алғашқы гарышкери - Токтар Онгарбайұлы Эубәкіров туралы мәлімет беру.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті				

		тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен колдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Серуен	<p>Желді бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Максат-міндеттер: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы түсініктерін калыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (ауланы сыпыру). (еңбек дағдылары) Максат-міндеттер: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Кимыл-қозғалыс</p>	<p>Құстарды бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Максат-міндеттер: құстарға қамкорлық жасауға деген үмтүлісты дамыту; құстардың атауын және олардың дene мүшелерінің атауларын атауга үйрету; құстардың айырмашылығы мен ұқастығын таба білуге жаттығу. Ересек адамдармен орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (ауланы сыпыру). (еңбек дағдылары) Максат-міндеттер: жолдардан тазарту). (еңбек дағдылары) Максат-міндеттер: жүрекпен жұмыс</p>	<p>Сауықанды бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Максат-міндеттер: жылдың осы уақытында құстардың мінездіктерінде күлкі туралы түсініктерін көңейту, білімді жана сөздермен, ұғымдармен байыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). (еңбек дағдылары) Максаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген үмтүлісты тәрбиелеу.</p>	<p>Ауа райын бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Максат-міндеттер: табигаттагы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (бакшадағы жолдарды тегістеу). Максат-міндеттер: ұлдарға қыздарды күрметтеуге, ауыр жұмыс істеуге үйрету (құм шелектерін кетеру). Кимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)</p>	<p>Талды бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Максат-міндеттер: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету. Ересек адамдармен орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстардан тазарту). Максат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрену, тапсырманы күш-жігермен орындау. Кимыл-қозғалыс</p>

	оыйндары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, козғалыстарды дамыту: "Ары қарай секір". (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: жүгіріп барып ұзындықка секіруді үйрету.	жасауга үйрету; енбекке деген сүйіспеншілікті тәрбиелу. Қимыл-козғалыс оыйндары: "Қарға мен торғай". (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: көңістіктеңі байдарлауды үйретуді жалғастыру, бір-біріне соктығыспау кабілетін дамыту; педагогтің бұйрығын тындау; достық карым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, козғалыстарды дамыту: "Жалаушага дейін жүтір". (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын	оыйндары: "Күстар". (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: кимылдарды мәтінмен үйлестіре білуге жаттыгу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, козғалыстарды дамыту. (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің әр түрлі багыттагы белгісі бойынша жылдам жүгіру қабілетін бекіту.	Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауга үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, козғалыстарды дамыту, баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру кабілеттерін бекіту.	оыйндары: "Тұзу жолмен жүреміз тура", "Маган карай жүгіріңдер". (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бұгуді үйрету, бір-біріне соктығыспай жүгіруге, мұгалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, козғалыстарды дамыту, допты жоғары лактыру (қолды емін-еркін кимылдату). (дene шыныктыру) Мақсат-міндеттер: ептілік пен төзімділікті дамыту.
--	--	--	--	--	--

		дамыту.			
Серуенин оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, оз киімін өзі шешуді, өз кажеттері жайында айтуға машыктастыру. (мадени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Сойлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жиһаздар дүкені" дидактикалық ойны.</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларды тіке жатқан қагаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету; қагаз ортасына үлкен сопакша пішінін, бір нұктеден бастап, карындашты қагаз бетінен алмай, сопакша ізімен жүргізіп, бастапқы нұктеге жеткізу амалын қайталау.</p> <p>"Гарышкер" кимылды ойны.</p> <p>Педагог: - Балалар, бүгін жана ойын ойнаймыз.</p> <p>Ойнымыз</p> <p>"Гарышкер" деп аталады. Мен</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Зымыран".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларды тіке жатқан қагаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету; қагаз ортасына үлкен сопакша пішінін, бір нұктеден бастап, карындашты қагаз бетінен алмай, сопакша ізімен жүргізіп, бастапқы нұктеге жеткізу амалын қайталау.</p> <p>Ұлттық ойын. Ұш табан</p> <p>Ұш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сзызық сзыллады да, оған әр</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Фарышкерлердің жаттығулары".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың дыбыс, кимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тен", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; гарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру.</p> <p>"Ұшты-ұшты" кимылды ойны.</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <p>шапшаштыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Музықадан ойын-жаттығу "Фарыш әлемі".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жана әнді тындауга деген кызыгуышылығын арттыру; әннін мазмұнын әуен арқылы эмоциямен кабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннін басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру;</p> <p>музыканы тындау дағдысын менгерту;</p> <p>музыканың көнілді, ойнақы сипатын ажыратса білуге және алакандарымен баяу немесе ыргакты</p>	<p>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Ұшак".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың әуе көлігі ұшакпен таныстыра отырып, ұшактың маңызы туралы мәліметті зейін койып, барықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшактың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшактың құрылышымен таныстыру; ұшак туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталаі білуге дағдыландыру.</p>

<p>сендерді ойынның ережесімен таныстырамын, мұқияттыңдаап алғындар.</p> <p>"Гарышкер" ойыннанда педагог балаларды екі топқа беледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, педагогтің белгі беруі бойынша тапсырмаларды орындаулары тиіс.</p> <p>Педагог гарышкердің әрекеттері туралы сөзбен айтады (гарышкер ауда қалқиды, гарышкер аспанға үшады, гарышкер скафандр киеді, гарышкер колын бұлғайды) балалар сол кимылды қайталап отырады.</p> <p>Кай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындауды, сол топ</p>	<p>ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сакаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сакасы шықса сол бірінші болып сакасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сакасы кенейге тимей кетсе, ойынды сакасы шықкан келесі ойыншы бастайды.</p>	<p>Ойынга катысушиларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Үшатын құс не зат айтылса, колдарын жоғары көтереді де, үшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпак айтады не эн салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.</p> <p>Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.</p> <p>Үшты - үшты сұнқар үшты!</p> <p>(кол көтереді)</p> <p>Ойын көндегі кенейді үтүп біткенше созылады.</p>	<p>ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көнілді билеуге үйрету.</p> <p>Кимылды ойындар "Ұшактар".</p> <p>Балалар ұшактардың рөлін орындауды. Олар залдың әр жеріне тұрады.</p> <p>Педагог: «Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар колдарын қозғалтып, «ұшакты оталдырады».</p> <p>«Ұшамыз!» деген белгі берілгенде колдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді.</p> <p>«Конамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшактар токтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін</p>	<p>"Каскыр қақпан" кимыл-козгалыс ойыны.</p> <p>Максаты: балаларды жүгірістен ұзындықка секіруге, колдың өткір толқынымен, тенгерімді сактай отырып, серпілген аяғымен серпілдіріп жаттығу. Ептілікке, батылдықка тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Аланның ортасында бір-бірінен 70-100 см қашыктықта екі сзық жасалады, бұл арық. Аланың бір жағында ешкілер үйі орналасқан.</p> <p>Ойыншылардың барлығы ешкі - біреуі қаскыр. Ешкі үйде, қаскыр шұнқырда. Тәрбиешінің «ешкі, шалғынға» деген</p>
--	--	--	---	--

<p>женғен болып есептеледі. (дене шынықтыру)</p>	<p>бұғаш отырады). Ойын 5-6 рет кайталаңады. (дене шынықтыру)</p>	<p>белгісі бойынша ешкілер сайдын карама-карсы жагына, арықтан секіріп жүгіреді (касқыр ешкілерге тимейді), «ешкілер, үйге қайт» детен белгі бойынша олар арықтан секіріп үйге жүгіреді. Касқыр арықтан шыклай ешкілерді қолымен ұстап ұстап алады. Ұсталғандар арықтың сонына карай шегінді. 2-3 жүгіруден кейін барлық ұсталғандар үйге кайтарылады. Ұсталмағандардың арасынан тағы бір касқыр тағайындалады. Ереже: шұнқырдан секіру. (дене шынықтыру)</p>
---	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Жұмбактар жасыру. Орак болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тыныгады, Бірі-түнде тыныгады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Кармакка бірақ ілінбейді (Ай) (сойлеуді дамыту)</p>	<p>"Гарышқа самғап үшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, үшак болып үшіп, біраз сергіп алайықшы! Гарышқа самғап үшайық (саусақтарын бүтіп қолдарын жогары-төмен козғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшактау). Қанаттарды кен жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып үшайық (жайылған қолдармен ойын аланында жан-жаққа жүгіріп "үшу"). - Зуууу! Зуууу! Балалар педагог сонынан әуен ыргагына, сөздерге</p>	<p>Жұмбактар жасыру. Терінде тұр нұр көзі, Жердің биік күмбезі.(Аспан) Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр тараткан.(Күн) Алып кілем - Гүлге толы Үсті кілен. (Жер) (сойлеуді дамыту)</p>
-------------------------------------	---	--	--

		сай кимылдайды. (сөйлеуді дамыту, дene шыныктыру)			
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кенес)	"Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін калай ұстau керек?"	Баланың туралы не білу керектігі туралы әңгімелесу.	Кенес: "Неліктен бала тындармайды?".	"Баланың неге бейім екендігін байқадының ба?" такырыбында әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" такырыбындағы көрме үйымдастыру.